



Бекітілген
«Сарат мектеп-бебекжай-балабақша кешені» КММ-пін
Басылған жөнінде анықтауда
«15 08 2024 жыл»

Келісемін Гуль
Оку ісі жөніндегі орынбасары
Г.А.Умбетова
«08» 09 2024 жыл

Қаралды Нұржан
Әдістемелік бірлестік
жетекшісі Ж.Мендіболатқызы
«29» 08 2024 жыл

**«Сарат мектеп-бебекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2024-2025 оку жылына арналған
«Еркетай» шағын орталығының «Жұлдызай» ортаңғы тобының
перспективалық жоспары**

2024-2025 оку жылы

Мектепке дейінгі үйым «Сарат мектеп-бебекжай балабақша кешені»КММ

Ортаңғы топ 3 жастагы балалар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2024 – 2025 жылдан арналған

үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Қыркүйек айы 2024жыл

Үйымдастырылған іс әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: <i>Жұру.</i> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жұру; әртүрлі бағытта: тұра, шенбер бойымен,«жыланша», шашырап жұру <i>Tene-teңдікті сақтау.</i> Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жұру. <i>Жұғіру.</i> Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, аланның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тұра, шенбер бойымен, «жыланша», шашырап жұғіру; <i>Домалату, лақтыру, қазып алу.</i> Оң және сол колмен тік нысанана (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> Заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; <i>Секіру.</i> 2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру <i>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</i> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру</p> <p>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p><i>Кол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:</i> қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;</p> <p><i>Кеудеге арналған жаттығулар:</i> допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- онға) бұрылу; солға, онға бұрылу (отырған қалыпта);</p> <p><i>Аяқта арналған жаттығулар:</i> аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;</p> <p>Қимылды ойындар</p> <p>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету,</p>

	<p>кимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> <p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шыгармашылығын дамыту. Арбалар, автомобилдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, енбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипедті тұра, шенбер бойымен, онғажәне солға бұрылып тебу.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылсызын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлак, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасызету.</p> <p>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</p> <p>дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуді;</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>оыйн мен оыйн жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;</p>

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табигат нысандарын бакылау кезінде, шығармаларды тындағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен болісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тындау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алушы, естуді дамыту Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары ментабигат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру</p>
Математика негіздері	<p>Сан. Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Шама. ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; Геометриялық пішіндер геометриялық пішіндерді тану және атау Кеңістікте бағдарлау өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан он жаққа қарай орналастыру. Уақытты бағдарлау. тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.</p>
Сурет салу	<p>Көкөністер мен жемістердің суретін салу Күмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет</p>

	<p>салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, шиratу, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p>
Жапсыру	<p>Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді тандау</p>
Құрастыру	<p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылым бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажыратса білуге, атауға жәнеколдануға үйрету, бұрын алғынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көніл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірынғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. бірінің артынан бірі жүргу барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспап қоныраумен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын атау дағдыларын қалыптастыру Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру Еңбекке баулу. Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сыпырушуғақөмек көрсетуді үйімдастыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылыштар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту Менің Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыру</p>

Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).

Өсімдіктер әлемі.

Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.

Жануарлар әлемі.

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.

Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.

Ауа-райының жағдайын анықтау (сұық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.

Табиғатта қауіпсіз мінезд-құлық ережелерін сақтау
қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024– 2025 оқу жылына ариалған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Сарат мектеп- бобекжай балабақша кешені»КММ

Топ: Ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастагы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың козғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа ариалған жаттығулар-қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалактау. Допты бір-біріне беру, аякты өзіне қарай тарту, доға тәрізді дөңгелектеп иу, Отырған, жатқан қалыпта екі аякты созу, түрегеліп тұрған қалыптан солға, онға, алға қарай еңкею. Отырып, аяктың ішкі қырымен күм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ козғалыстарын үйлестіру.</p> <p>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ козғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шенбер бойлап жүгіру.</p> <p>Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру, тұрған жерінен ұзындыққа секіру.</p> <p>Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аякты алшак ұстаган қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі колмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лактыру.</p> <p>Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу, арасы алшактанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. Тепе-тендікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру, еңгіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Сапка бір-бірден тұру, шенберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).</p> <p>Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сактауға,</p>

	<p>Балаларды сыртқы келбетін бакылауга үйрету; сабынды дұрыс колдануды, қолды, бетті, құлакты тазалап жууды, жуынғаннан кейін күргатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: асқасыкпен шәй қасыкты, шанышқыны, майлықты дұрыс колдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауга, ұқыптылықка, киіміндегі олқылықтарды байқауга, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішүү құралдарын орнымен колдануга баулу.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауга (көз, құлак, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай корғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сойлеудің дыбыстық мәдениеті</p> <p>дауысты (а, ә, е, о, ү) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; дыбыстардың артикуляциясын нактылау және бекіту</p> <p>Сөздік кор:</p> <p>Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру (оыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар).</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде колдану</p> <p>Байланыстырып сойлеу:</p> <p>суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табигат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді;</p> <p>шагын тақпактар мен өлендерді жаттау мен ересектердің сөзін тындау және түсіну дағдыларын дамыту</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқу, әнгімелейу</p> <p>Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тындауға, бейнелі сөздерді есте сактауға үйрету. Тақпактарды, өлендерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуда дағыландыру;</p> <p>Кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытуши орта.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде</p> <p>Сойлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алушы, естуді дамыту</p> <p>Сөздік кор.</p> <p>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаган орта заттары ментабигат нысандарының атауларын өздігінен колдануды қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Жуан және жінішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде</p>

	<p>түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Шама.</p> <p>ұзындығы мен ені бойынша , биектігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;</p> <p>Геометриялық пішіндер</p> <p>геометриялық пішіндерді тану және атау</p> <p>Кеңістікте бағдарлау</p> <p>өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жактан он жакка карай орналастыру.</p> <p>өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертен, күндіз, кеш, түн.</p>
Құрастыру	Құрылым материалдарынан құрастыруды бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденен орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылым материалдарынан, ұлғі бойынша және ойдан құрастыру
Сурет салу	<p>Көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, бірнеше көлденең және тік сзықтардан заттар салуды (дуал) үйрету</p> <p>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойынан сурет салуға мүмкіндік беру.</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сактауға, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Сазбалшық, камыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөнгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>алакандарының арасында, жазықтықта түзету және домалактау</p> <p>козғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру.</p>
Жапсыру	<p>Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету</p> <p>бейнеленген заттарға сәйкес түстерді тандау</p> <p>Желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу,</p> <p>ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуін қалыптастыру;</p>
Музыка	<p>Музыка тындау</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;</p> <p>Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету;</p> <p>ересектердің орындаудағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тындауды дамыту.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Дыбыстаудың бірынгай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету</p> <p>Музыкалық-ыргактық қозғалыстар.</p> <p>Бірінің артынан бірі жүру барысында би ыргағын, музыканың би сипатын игеру;</p> <p>әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау;</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен</p> <p>таныстыру. Музыкалық аспапты ыргакпен қагып ойнаудың қарапайым дагдыларын менгеруге ықпал ету.</p>
Коршаған ортамен	Бала, оның отбасы, үйі.

Енбекке баулу.

Мүмкіндіктегіне қарай күтушіге, аула сынырушыға қомек көрсетуді үйімдастыру. Өзгениң еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелу, қомек көрсету ниеттерін қолдау.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылыктар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту

Менің Отаным – Қазақстан.

Еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыруды пысықтау.

Балабакшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.

Әсімдіктер әлемі.

Ағаштардың, даала гүлдерінің, кейбір көгеністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.

Жануарлар әлемі.

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.

Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыруды жетілдіру.

Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.

Ауа-райының жағдайын анықтау (сұық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді игерту.

Табиғатта қауіпсіз мінезд-құлық ережелерін сақтау

қоқыс калдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау, санырау құлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу дағдыларын қалыптастыру

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Сарат мектеп- бөбекжай балабақша кешені»КММ

Топ: Ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастагы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар Доптарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан Жоғары көтеру; колдарына лдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; допты бір-біріне басынан жоғары(артқа және алға) беру, жан-жаққа(солға-онға) бұрылу; аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;</p> <p>Негізгі қимылдар: Әр түрлі бағытта: тұра, шенбер бойымен тапсырмаларды орындаі отырып жүру арқан бойымен жүру, тұра жолмен жүру Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңың бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тұра, шенбер бойымен жүгіру. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату еденге қойылған тақтай бойымен, арқаның, доғаның астымен (біектігі 40 см антиметр) еңбектеу күрсаудан күрсауға, заттардың алдыңызға жақын жағынан, 15-20 см антиметр біектікten секіру Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жаңына сапқатұру</p> <p>Қимылды ойындар Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үрету</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сактау қажеттігін білу. Тамактанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамактану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін ақылауға үрету; сабынды дұрыс колдануды, қолды, бетті, күлакты тазалап жууды, жуынғаннан кейін күргатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үрету. Үстел басында мәдениетті тамактану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс колдану; нанды үгітпеу, тамакты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Өзін-өзікізмет көрсету дағдылары. Өзін-өзі кызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі</p>

	<p>өмір салты» және оны үстанию туралы алғашқы үсініктер беру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</p> <p>Серуенде кимылды ойындармен дene жаттығуларына катысуга қызығушылықты арттыру</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Дауысты(a,ә,е,о,ұ)және кейбір дауыссыз(п-б,к-қ,т-д,ж-ш,с-з)дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нактылау және бекіту,артикуляциялық аппаратты дамыту</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Балалардың сөздік корын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кенейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен касиеттерін білдіретін, заттарды жалпы(ойыншықтар,киім,аяқкіім,ыдыс,жиһаз)және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байту</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну,сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту.</p>
Көркем әдебиет	<p>Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге карастыру,оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуды, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты,сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Коршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық катынаска байланысты сөздерді(«бөле»,«ага»,«апа»,«іні»,«қарындас») айтуды және түсіну дағыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу(бар,кел,айт).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Алдын ала үйретілген сөйлеу ұлғілерін есте сактап,әңгімелесе білуге баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Сан.</p> <p>Коршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу</p> <p>Шама.</p> <p>Екі затты өлшемі бойынша(ұзын-қысқа,биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер</p> <p>Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұсташа және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау</p> <p>Өзінің дene мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне катысты кеңістік бағыттарын анықтауды; үстінде-астында үйрету</p>

	бөлшектерді жинауга,қауіпсіздік техникасы ережелерін сактауга,ұқыптылыққа баулу.
Сурет салу	<p>Көлденең және тік сзықтарды салу,олардың киылсысын жүргізе білу,әр түрлі пішіндегі ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар, заттарды бейнелеуді</p> <p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды катты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сактауга,ұқыптылыққа баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Кесектерді алакандарының арасында домалату,есу,жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеуді(ыдыстар,ойыншықтар) үйрету.</p> <p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сактауга,ұқыпты болуға баулу.</p>
Жапсыру	<p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Кағаз бетінде көлемі,түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды,содан соң пайда болған бейнені кағазға жапсыруды үйрету.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау</p> <p>Музыкалық шығарманы соңына дейін тындауға,музыканың сипатын түсінуге,музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре(ми)—ля(си)диапазонында,барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.</p> <p>Музыкамен жүрумен жүгіруді ырғакты орындау,шешебер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүргүре үйрету.</p> <p>Музыканың басталуымен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау,қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балаларды музыкалық аспап сыйызғымен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғакпен қағып ойнаудың арапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Бала,оның отбасы,үйі.</p> <p>өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалаудың дамыту</p> <p>Заттық әлем.</p> <p>заттардың сапаларымен қасиеттерін: сипап сезу,дәмін көру,есту арқылы тануды қалыптастыру</p> <p>Көлік,байланыс құралдары.</p> <p>Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру</p> <p>Енбекке баулу.</p> <p>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың енбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне(мейірімді,жанашыр)аудару</p> <p>Менің Отаным—Қазақстан.</p> <p>Балалардың жалпы қабылланған ережелер мен нормаларды</p>

бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

Табиғаттагы маусымдық өзгерістер.

Ая-райының жағдайын анықтау(сүйк, жылы, ыстық), табиғат күбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ая-райының жай-күйін белгілеу.

Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау

топта(терезенің алдын ашықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұсташау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру

**Мектепке дейінгі тәрбие мениң оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мениң оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024– 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Сарат мектеп- бебекжай балабақша кешені»КММ

Топ: Ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастагы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар колды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, колды көтеру, түсіру, саусактарды қозгалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Солға, онға бұрылу (отырған қалыпта);аяқты көтеру және түсіру, аяктарды қозгалту (шалқасынан жаткан қалыпта);колдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен ип, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;</p> <p>Негізгі қимылдар: әртүрлі бағытта:«жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындаі отырып жүру: кол ұстасып, арқаннан ұстап жүру бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналаскан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен терең тендік сақтап жүру. қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), токтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. допты кеуде тұсынан лактыру, он және сол қолмен тік нысанана (нысана биіктігі-1,2 метр) лактыру 4-6 метр қашықтыққа тұра бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Бірінің артынан бірі сапка тұру, бір-бірінің жанына сапка тұру</p> <p>Қимылды ойындар Кеністікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамактанар алдында колды жуу, танертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамактану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс колдануды, колды, бетті, құлакты тазалап жууды, жуынғаннан кейін күргатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамактану дағдыларын қалыптастыру; ас қасықпен шәй қасыкты, шанышқыны, майлыкты дұрыс колдану; наңды үгітпеу, тамакты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p>

	<p>Денсаулықтың күнділігі туралы түсінікті дамыту; ауырмауга, денсаулықты сактауга ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны үстене туралы алғашқы түсініктер беру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттыгулар мен массаж жасау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сойлеудің дыбыстық мәдениеті. дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқының өзгерту қабілетін дамыту</p> <p>Сөздік кор. заттарды жалпы (оныншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету</p>
Көркем әдебиет	Өлендерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды такпактар мен шағын өлендерді жатқа айтуға үйрету.
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытуши орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудына жағдай жасауды: сұраптарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды карауға баулу</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту</p> <p>Сөздік кор. Коршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынаска байланысты сөздерді («бөле», «аға», «апа», «іні», «қарында») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жінішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпші түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Сан. коршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру</p> <p>Шама. Әлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруды шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жаңына кою тәсілдеріарқылы салыстыруды үйрету</p> <p>Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстай және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау</p>

	<p>цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуғе, атауға және колдануга үйрету.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауга, қауіпсіздік техникасы ережелерін сактауга, ұқыптылықка баулу.</p>
Сурет салу	<p>Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді.</p> <p>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызын жіберіп бояуды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ак негізгі түстер менолардың ренктерін (қызылт, көгілдір, сұр) колдануды үйрету.</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сактауга, ұқыптылыққа баулу.</p>
Мұсіндеу	<p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дагдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мұсіндеу барысында қауіпсіздікті сактауга, ұқыпты болуға баулу.</p>
Жапсыру	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуғе майлықты колдануды үйрету.</p> <p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бұктеу, қатпарлау) колдануды үйрету.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау</p> <p>Музикалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмак, барабан, металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнакы айту).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Музиканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды пысықтау.</p> <p>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды менгерту.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Музикалық аспап металлафонмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музикалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың карапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p> <p>Заттық әлем.</p> <p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары.</p> <p>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.</p> <p>Енбекке баулу.</p> <p>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойынәрекетіне ынталандыру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>Одноденежнина омекшелендірілген тәрбиядау: балалардың назарын</p>

Туган өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру

Жануарлар әлемі.

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.
Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.

Ауа-райының жағдайын анықтау (сүүқ, жылы, ыстық), табиғат күбылыштарын бақылау (маусымдық), бақылау құнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді үйрету.

Табиғатта қауіпсіз мінез-құлыш ережелерін сактау

серуенде (жолға шықпау) ойын аланында сумен, қармен, ұсак заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Сарат мектеп- бөбекжай балабақша кешені»КММ

Топ: Ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды жоғары, алға, жан-жакқа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); Аяқты бұту және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жакқа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Отырып құм салынған қапшыктарды аяқтың бакайларымен қысып ұсташа, таяктын, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен косалкы кадаммен жүру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Токтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру Тепе-тендікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: токтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; Допты жоғары лактыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. көлбеу модуль бойымен, туннельарқылы енбектеу; Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып секіру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шенберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша).</p> <p>Қимылды ойындар Қимыл тұрлерін өзгерте отырып, ойындарга күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес тәбеден сырғанау.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сактау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін күрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру; ас қасық пен шәй қасыкты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген үмтүлісін қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылыктарды байкауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше</p>

	<p>Балаларды үй-жайда женіл киіммен жүрге үйрету. Құн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзактығын қамтамасыз ету.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту</p> <p>Сөздік кор. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттыгулары арқылы кенетту, сөздік корды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байту, қарама-карсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізіп қолдануды үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды менгерту</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тындағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, олендерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлерінежанашырлық танытуға тәрбиелеу</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен карым-катынас жасауына жағдай жасау: өзінің алған әсері мен калауын білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сактауға үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту</p> <p>Сөздік кор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі колданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жінішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұраптарға жауап беруге баулу</p>
Математика негіздері	<p>Сан. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру коршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p>Шама. салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар сөздерімен белгілеу</p> <p>Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау Өзінің дene мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: алдында-артында</p> <p>Ұақытты бағдарлау. Қарама-карсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, танертең-кеңіншке</p>

	<p>бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суга шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен сұртіп көптіруді үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, кара, әк негізгі түстер менолардың ренктерін жасап (қызылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету.</p>
Мұсіндеу	<p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мұсіндеу барысында қауіпсіздікті сактауға, ұқыпты болуға баулу.</p>
Жапсыру	<p>Желімдеудін техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағын алушы, жаймадағы дайын үлгіге жағуды, желімнің қалдықтарын сұртуғе майлышты қолдануды жетілдіру.</p> <p>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.</p> <p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажыраты білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір карқында әнді таза айтуды, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту) үйрету</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.</p> <p>Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың каркыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жүппен ырғакты қимылдар орындауды.</p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандал жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балаларды музыкалық аспап маракаспен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғакпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарастауға үйрету</p> <p>Заттық әлем.</p> <p>Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарастауға тәрбиелеу.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары.</p> <p>Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауда, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауда, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауда баулу.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке касиеттеріне (қамкор, сезімтал және іскер) аудару</p> <p>Мениң Отаным – Қазақстан.</p> <p>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сактауда баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, коштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуда үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сактауда үйрету.</p> <p>Өсімдіктер әлемі.</p>

Табигаттағы маусымдық өзгерістер.

Ауа-райының жағдайын аныктау (сүйк, жылы, ыстық), табигат күбылыштарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың кысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді менгерту.

Табигатта қауіпсіз мінезд-құлық ережелерін сактау

серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, кармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру